
ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

ӘОЖ 411.44

С.Р.БОРАНБАЕВ

филология ғылымдарының докторы, доцент
К.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Н.ФАЗЫЛХАНҰЛЫ

Магистрант

КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАТУРКІЛІК ЖАЗБА МӘДЕНИЕТ– ҮЛТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЙНАСЫ

Бұл мақалада қазақ тілінің даму, қалыптасу жолдарын анықтау үшін қыштақ тілдеріне қатысты жазба ескерткіштерді зерттеу мәселесінің өзектілігі сөз болады. Орта түркі тілін жасаған халықтардың лексикасын зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің қалыптасу кезеңдерін анықтай аламыз. Осы себепті орта түркі тілінде жазылған ескерткіштер тілін, қазақ тілімен салыстыра нақты тілдік материалды сөйлете отырып, әрбір сөздің қолданылу өрісіне, мағынасына, дыбыстық ерекшелігіне баса назар аударылады да, лексика-семантикалық және семасиологилық аспектіде зерттеу, түркология мен қазақ филологиясының бүтінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі екендігі туралы мәселе көтеріледі. Сонымен қатар орта ғасырдағы бір ескерткіштің етістіктері ортатүркілік және қазіргі түркі тілдерімен салыстырылады.

Кітт сөздер: қыштақ тілі, жазба ескерткіштер, орта түркі тілі, түркология, түркі тілі.

Қазақ тілі өзінің қалыптасу, өсіп жетілу жолдарында түрлі тарихи даму сатыларынан өтті. Қазіргі уақытта шешімі табылмай жүрген бірқатар мәселелердің түп-теркіні, қазақ тілінің қалыптасу, даму негіздерімен, өсіреле кейінгі орта ғасырлардың соңғы кезеңдеріндегі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени қызметімен тығыз байланысты. Қазақстан аумағын мекен-жай еткен қазақ халқына, түрлі үлт өкілдеріне ғасырлар бойы қызмет етіш келе жатқан ана тіліміз, қазақ тілінің үлттық мәдениетіміздің ажырамас, құрамдас болілігі болыш табылатындығын әрдайым есте тұтқанымыз абыз.

Қазақи салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың, үлттымыздың, мемлекетіміздің қалыптасуы, дамуы жалпы Еуразия құрылышында болыш еткен тарихи құбылыстармен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен тығыз байланысты және әлемдік өркениет құрылышында өзіндік орны бар, қайталанбас қолтума ерекшеліктеге бай, біртұтас сомдаған мәдениет.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен көтеріліп, республикамызда қолға алынып отырган, қазақ мәдениеті табыстарын келешек иғілігіне жаратуды көздеңген, мемлекеттік "Мәдени мұра"

ТҮРКОЛОГИЯ, №2, 2013

бағдарламасы бұл салада жүргізілер жұмыстардың жаңа бағыттары мен деңгейлерінің жоғарылығын, алдағы уақытта атқарылар жұмыстардың ауқымдылығын, сондай-ақ аға буының иғілік жолындағы істерінің өз жалғастығын табатындығын көрсетіп отыр.

Жалпы түркі өркениеті туралы ғылымда жаңа дәлелдер мен пайымдаулар күннен-күнге нақтылана түсуде. Жаһандану кезеңіндегі ғылым мен техниканың ғарыштаған дамуы, халықаралық деңгейдегі ғылыми қарым-қатынас осының айғағы болса керек. Түркілік өркениеттің әлемдік мәдениетке тигізген ықпалы туралы профессор Б.Каримов былай дейді: "Наука, культура и язык Тюркской цивилизации внесли огромный вклад в развитие мировой науки, духовной культуры и языковой системы мировой цивилизации.... Тюркский язык по длительности периода пребывание в статусе международного, мирового языка занимает первое место среди всех языков, когда-либо имевших такой статус. Тюркская цивилизация оказала и оказывает большое влияние на развитие письменностей цивилизаций Востока и Запада" [1, 39-48].

Қай халықтың болса да тілі сол халықтың тарихымен тығыз байланысты бола тұра, тілдің кейбір ішкі даму заңдылықтарын, мәселен, фонетикалық, сондай-ақ грамматикалық формалардың даму заңдылығын тек тарихи тұрғыдан қарастырып, сонымен ғана байланыстырып шешу дұрыс болмаса керек. Халық тарихының да, тілдің даму тарихының да өзіндік қырлары, қағидалары, заңдылықтары бар. Барлық сыртқы лингвистикалық факторлардың қоршаған ортаға – географиялық жағдайға қатысты қарастырған Ф. де Соссюр сыртқы және ішкі лингвистиканың өзара өте тығыз әрі қарама-қайшылықты байланысына тоқтала отырып, "...поскольку географический фактор тесно связан с существованием языка, и все же в действительности географический фактор не затрагивает внутреннего организма самого языка", – дейді [2]. Сондыктан да бұл тілдер қаншалықты өзгерістерге үшіраса да көне тілдің элементтерін бойында сактайдындығы, барлығы да негіз тілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатындығы даусыз. Бұл жөнінде белгілі түркітанушы-ғалым А.М.Щербак былай дейді: "Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, пропедвши сквозь призму многократных и разновременных смещений"[3].

Ортағасырлық жазба ескерткіштердің тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы ұмытылып, ана тілмізде басқаша мағыналық сипат алған. Басқаша айтқанда, сөз мағынасы бір жағынан таралып, екінші жағынан кеңігені байқалады. Осындағы тілдік процесте лексиканың сандық жағынан гөрі сапалық жағы дамып, кейбір сөздердің жаңа мағынасы пайда болып, бұрынғы мағынасы көмексленеді. Тілдің сапалық жағының дамуы, жаңа

мағыналардың пайда болуына алып келеді. Мағыналық өзгеріске ұшыраған сөздің сыртқы тұлғасы көп жағдайда өзгеріске ұшырамауы мүмкін. Осы тілдік құбылысқа байланысты белгілі ғалым А.Ысқақов былай деп жазады: “Тіл-тілдерің айғақтарға қарағанда, көштеген сөздер, тек сыртқы шіліндерін өзгергенімен ғана тынбай, мазмұндарын да біртін-біртін ауыстырып, басташқы мағынадан басқа бір мағынаға көшіп отырған. Ондай мағына ауысу құбылысы бірде сөздің сыртқы дыбыстық жамылғыштың өзгеруіне байланысты болса, бірде сол дыбыстық жамылғыштың бәлендей үлкен өзгеріске ұшырауының-ақ та болып отырған”.

Түркі тілдері, соның ішінде қышишақ тобына кіретін қазақ тілінің де, өзге түркі тілдері секілді, алғашқы және кейінгі орга ғасырлық дәуірлерде басқа түркі тілдері арасында дамып, толығып, қазіргі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі, синтаксистік құрылымы қалыптасты. Тарихи даму ерекшеліктеріне қарай орга ғасырлық қышишақ тілінің сөздік қоры қалай қалыптасты, қазіргі қазақ және басқа да қышишақ тілдерімен сабактастыры жайлай мәселелер түбекейлі шешімін таба қойған жоқ.

Дегенмен жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік бірліктерді қазақ тіліндегі тілдік бірліктермен салыстырып, олардың өздеріне тән фонетикалық, морфологиялық, семантикалық айырмашылтықтарын айқындау, орга түркілік тілдік элементтер мен қазіргі тілдік элементтер арасындағы туыстық сабактастықты анықташ, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеу – бүгінгі күннің басты талабы. Осындай мақсаттардың бір үзігін орындауды көздеңген біздер орга ғасырларда дүниеге келген «Китаб булғат ал-Муштах...» (авторы Жамал ад-Дин ат-Турки, бұл жәдігерлік пен оның авторы туралы мәліметтерді бұдан бұрын жарық көрген мақалаларымызда айтқан болатынбыз) жазба ескерткішінің тіліндегі біршама етістіктерді туыстас түркі тілдері материалдарымен салыстыра қарамақызы. Алдымен бұл жәдігерлік тіліндегі етістіктерді мағыналарына қарай бірнеше лексика-семантикалық тоштарға жіктелдік, бірақ біздер солардың ішінен адамның қымыл-қозғалыс әрекеттерін білдіретін етістіктердің бірнешеуін ғана сол уақыттарда және олардан бұрынырак жарық көрген жазба ескерткіштер тілімен салыстыру арқылы орга түркі дәуірі мен бүгінгі күн аралығында олардың қаншалықты өзгеріске түсіп, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс деңгейін анықтағанды жөн санағ отырмыз. Мәселен: көндерді (ұзатыш салды, қоптасып қалды, жолға аттандырып, шығарып салды). Сөз құрамындағы «далъ»-дің «харакасы» жоқ, сондықтан бұл сөзді көндірді деп оқуға да болады, бірақ А. Зайончковский көндер деп алынты. Қолжазба аудармасы – ваддаға (прощаться с кем- л., провожать уезжающего). Поляк тіліне де солай аударылған (прощаться, провожать). Абу Хайиан араб тіліне шайяға (отправлять, провожать, прощаться) деп аударған. Ат-Тұғифада узат деген сөзді ваддаға деп тәржімалайды да, «мұны түркімендер көндерді деп айтады» деген ескерту жасайды. Демек, бұл лексема түркмен тілінен енген

диалектизм ретінде қышшак тілдерінің ескерткіштерінде кездеспейді, сол сияқты қазіргі сөздіктерден де үшіншілік қын көрінеді. К.: ұзат.

Көрді (көрді). Бұл – ежелден келе жатқан, жашай қолданылатын белгілі сөз. Тас. – көргіл (видеть, смотреть. Басқа тілдер мен ескерткіштерден мысалдар бар, 149-бет). ДТС. – көр (видеть, смотреть, 317 бет). К.: көрінді, көстерді.

Көрінді (көрінді) – көр түбірінің өздік етіс формасы, қ.: көрді, көстерді.

Көмді (көмді, көшшілік жиналыш келіп жерледі, қабірге салын жайғастыруды, жер астына көміл таставды). Өлі-тірі қышшак тілдерінің бәрінде бар сөз: Тас. – көмгіл (закапывать, закрывать, хоронить, погревать.т.б. мысалдар – сонда, 148 бет). ДТС. – көм (314-бет).

Көстерді (көрсетті). Қазіргі тілдер мен тарихи сөздіктерден өте сирек кездеседі. Абу Хайианның көстерді деп жазған сөзі түрк тіліне гөстерді деп аударылған. Мұндағы гөстермек сөзі «показывать, демонстрировать, представлять, предъявлять, указывать», т.б. да әртүрлі мағына береді. Қолжазбадағы арабша аудармасы тиісті сөздіктерде жоқ болып шықты.

Көчті (көпті). Көнтеген түркі тілдерінде кеңінен жүмсалатын көне сөз. Тас. – көчкіл (кочевать, 149 бетте), ДТС. – көч (311 – бетте).

Күрепші (куресті). Көп тараған танымал сөз. Тас. – күрепшіл (бороться, вступать в единоборство, тиисті материалдар келтірілген, 152-бет). ДТС. – күреп (бороться, сражаться, 328-бет).

Қалды (қалды). Түркі тілдерінде кеңінен белгілі: Тас. – қалғыл (оставаться, пребывать, т.т., 155). ДТС – қал (оставаться, быть в остатке, сохраняться, уделять, 410).

Қалғыды (қарғыды). Тас. – қалғығыл (прыгать, скакать, перескакивать, перепрыгать – реестрде қолғы болып жазылған: бастаңы «каф» әрішінің «харакасы» жоқ, сондықтан оны «қа» деп те, «қо» (ку, қи) деп те оқи беруге болады. Ибн М. – қалғы, АФ. – қалға, қара қалш., қазақ – қарғы. Түркі тілдеріндегі л//р фонетикалық құбылысы – тұрақты заңдылық.

Қачты (қашты). Көшшілікке белгілі сөз. Тас. – қачқыл (бежать, убегать, спасаться бегством; қышшак ескерткіштері мен қышшак тілдерінде бар – 160 бет). Ескі түркі ескерткіштерінде: қач (убегать, бежать, ДТС, 400). Қачурды (қашырды), өзгелік етіс түрі: қачур (обращать в бегство, гнать, прогонять, отгонять, изгонять, ДТС., 401).

Қобты (26/в; тұрды, көтерілді, шаң көтереді, бір нәрсе жоғары көтерілші, биіктей түсті). Тұшнұсқадағы арабша аудармасы – рафага (поднимать, возвышать, повышать). А. Зайончковский: подниматься (о пыли). Абу X., Әт-Туғфа.; арабшасы – қобба (подниматься). Тас. – қопқыл (подниматься, вставать); дұз қопты (зашылилось); МҚ. – қоңды // қобды (поднялся, улетел); КК., Әт-Туғфа., АФ., Ибн М., түрк-тат. – қоп; Көне, ескі тілдерде: қоп (ставать, подниматься, взлететь т.б., ДТС., 456).

Қобты (32/r; бұныны шығыш кетті, бұныны тайыш кетті). Қолқазбадағы арабша аудармасы – инқалаға (отрываться, быть вырванным, быть удаленным, уходить). А. Зайончковский: подниматься. Тас. – қоп: қопқыл (вывихнуть, выйти, отходить, отклоняться от нормального положения – о суставе). Абу X. – арабшасы: инбағаса (быть посланным; быть возрожденным, воскрешенным, возраждаться). ДТС. – қоп (вставать, подниматься, сниматься с места). К.: қобты.

Қобарды (73/r; қопарды, қопарыш, іліп-жұлыш, сұрыш, жырыш-жүлқыш тартыш алды). Тұнұсқа аудармасы арабша: қалаға (вытаскивать, вырывать, выдергивать, вылимывать). А. Зайончковский: вырывать, вытягивать, вытаскивать. Тас. – қопарғыл (разрыхлять почву, реестре купарғыл деп жазылған); МК. – қопурды (поднял); қобурған (вырывающий с корнем); Абу X., Әт-Тұһфа., Ибн М., қара қалш. – қопар; ДТС. – қопар // қопур (қоп сөзінің өзгелік етіс түрі, бірнеше мағына береді, 457). К.: чықар.

Қонды (қонды). Бұқіл түркі тілдерінде кездеседі. Қышпақ тілдерінде: Тас. – қонғыл (жить, обитать, т.т., 164). Ескі, көне түркі тілдерінде: кон (опускаться, садиться; оседать, поселяться, избирать место и жительства, 455).

Қышлады (қыстады). МК., КК., Ибн М. – қышла; ДТС. – қышла (зимовать). Әдетте айтыла беретін белгілі сөз.

Қусты (құсты). Абу X., Әт-Тұһфа. – құс; ДТС. – құс (рвать, изрыгать, тошнить).

Озды (озды). Тас. – озғыл (операжать). Абу X., Қаяаанин. – оз; Әт-Тұһфа. – уз; КК. – озуа күн (позавчера, день минувший); қара қалш. – оз (обгонять, перегонять, идти вперед); ногай – өз; тат., башқ., – уз. ДТС. – өз (опережать). Басы ашық белгілі сөз.

Ойанды (оянды). Сөз басындағы «алиф» әрішінің «харакасы» жоқ, сондықтан оны ойанды деп те, уйанды деп те таңбалауға болады. Тас. – уйанғыл (просыпаться, пробуждаться). Қышпақ тілдерінде екі түрлі жазылады: уйан (КК., Әт-Тұһфа., тат., башқ., ног.) және ойан (АВ., Абу X., Ибн М., Еф., қарайым., тұрік-тат., қара қалш.); казақ тілінде осының екеуі де айтыла береді, ДТС. – ойтур (будить, ДТС, 365), озғур (будить, ДТС., 362), озгар (будить, ДТС., 362), одғұр (будить, ДТС, 362). Реестре тұрган сөз форманты з // д // й зандылығы бойынша жасалған.

Ойандурур (ойатар). Абу X. – уйандур (өзгелік етіс түрі).

Олтурды (отырды). Арабша аудармасы – джаласа (сидеть, заседать, сидеть вместе с кем-л.). Тас. – олтурғыл (сидеть, садиться, усаживаться; жоғарыда көрсетілген жазбалар мен тілдердің бәрінде бар). ДТС. – олтур (сидеть).

Савулды (сабылды). Бұл сөздің дәл мағынасы араб тіліндегі аудармасы бойынша – танаахха (отходить, сторониться, устроняться, т.б.); тағы бір аудармасы – арабша: тасаррафа (помощью распоряжаться чем-л.,

действовать, поступать посвоему усмотрению, проявлять, произвол). А. Зайончковский: устраниться, удаляться, исключать, выводить, отодвигать, отстронять, отделяться, удаляться, отогнать. «Түрікше-арабша сөздікте» (Тас.-та) кездесетін савул сөзін Т. Хоутсма «уходить» (неміс тіліне) деп аударады. Абу Хайиан еңбегіндегі савул сөзі түрік тіліне «подавать голос» деп аударылған. Абу Хайианда тағы бір себіл (арабша: сабиилун – путь, дорога) деген сөз бар. Тас. – савулғыл (шоходить, побродить). Қарақалшақ, қазақ тілінде – сабыл (быть изношенным, измученным в результате ходьбы или езды, қазақша – жансебіл (много разъезжающий, посыльный, гонец). ДТС. – сабыл (удаляться, устраниться, исчезать, 492). «Арабша-қыпшақша сөздікте» сез түбірі үш әрітін тұрады: «сад», «вав» және «лам», олар «харакаланбаған». Осыған орай оны саавул деп те, севіл деп те оқи беруге болады. Сонда, біздің ойымызша, реестр сез севіл, қазақша аудармасы – сабыл (орыншасы – «походить, побродить по всюду и по степи») больш шығуға тиісті, бірақ сез түбірі араб тілінің элементі больш шығады. Бұл жерде біз А. Зайончковскийдің ұсынған вариантын алыш отырмыз.

Сатапты (кездесті). МҚ. – сатғаш; Калила уа Димна – саташ. ДТС. – сатға (пересекаться – о дорогах); сатғаш (ортак етіс тұлғасы). – Реестр – $f < \phi$ заңдылығы бойынша жасалған сөз тұлғасы. Қ.: йолуқ.

Сафар етті (сапар шекті). КК. – сафар (путевые деньги, деньги на путевые расходы); Ибн М. – сефер вармак (сефер варды). Арабша – сафара (отправляться, ехать куда-л., совершать путешествие). Бұл аталмыш араб сезі дүниежүзінің талай тілдерінде айтылады. Түркі тілдеріне ертеректе аудисқан болу керек.

Сычты (тышты). Тас. – сычқыл (основаждать желудок, испражняться); МҚ., АФ. – сыч; Әт-Тұнфа., Абу Х. – сыш. ДТС. – сыч; қара қалш. – сич, шыш.

Сұмқірді (сіңбірді). Тас. – сімкүргіл (сморкаться); КК. – сіңгір; Әт-Тұнфа., Абу Х. – сұмқұр; тат. – сенгерү; ног. – симгир; қара қалш. – сиңбир.

Сұртұнді (сұртінді). Абу Х., Әт-Тұнфа. – сұртұн. ДТС. – сұрт (втирать, натирать, намызвать); өздік етіс түрі: сұртұн (тереться, втирать, намывать себе).

Сұчреді (сұрінді). Бұл сез метатеза құбылысы бойынша жасалған болу керек: МҚ. – сұрчмек (спотыкаться); Ибн М., Әт-Тұнфа. – сұрч; ДТС. – сұрч.

Тайынды (тайды). А. Зайончковский: скользить; Әт-Тұнфа. – тай; қара қалш. – тай (поскользнутся); ДТС. – тай (поскользнутся, упасть). А. Зайончковский осы сезді Абу Хайиан еңбегіндегі тайан сезімен салыстырады, бірақ ол тіпті басқа сез: арабшасы – истанада (опираться на что-л., прислоняться к чему-л., пологаться на что-л.); тайынды сезінің арабшасы – залиқа (скользить, кататься); А. Зайончковский осы мәндө

аударыш берген, шынында, мұның арабша аудармасы – инзалака (поскользнувшись, соскальзываться с чего-л.) болуға тиісті еді.

Қышпақ тілдерінде сөз соңында ұяң дыбыстар қолданылмайды, қатаң айтылады – «йаш» болып келеді. Дегенмен де, тиісті мысалдар келтіре кетейік: Тас. – йапқыл (закрывать, запереть, замыкать двер и т. др.); КК., МҚ., Әт-Түнба., Абу Х., Ибн М., қарайым. – яш; түрік-тат., башқ., ноғ., құмық –яш, қара қалш. – жаш, яш; ДТС– яш (1. Строить, делать; 2. Покрывать; 3. Закрывать; 4. Прикладывать, приклеивать). Демек біздің тіліміздегі «жапсыр» сөзінің о бастағы түбірі жаш (яш), оған өнімсіз -сыр жүрнағы жалғанған. Қазанжашпа мен тандыр наңды сол қазанға не тандырга жапсырып қойып пісіретін болғандықтан осы процестің аты наң жапты деп аталуы тарихи түрғыдан орынды болып шығады, қ.: етмек яшты, қабы яшты т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалшы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден түрады. Олардың көне түркі дәүіріндегі жалшытуркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байыргы қалышына келтіруге болады [4, 24].

Тіл дамуының әр кезеңінде сөздік құрам көлемі мен мөлшері әртүрлі деңгейде болады, нақтырақ айтқанда ол, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығыш жатса, еінші жағынан, кеміш, азайыш жатады. Мұны қолдан реттең отыру мүмкін емес. Оны сол тұста жарықта шығарылып, хатқа түсірілген дереккөздердің материалын сұрыштау арқылы анықтауға болады” [5, 361].

Салыстырмалы-тарихи зерттеуде фонетика мен морфологиядан гөрі лексиканың берері мол. Осындағы зерттеу туралы К.М.Мусаев былай дейді: "...Если при сравнительном изучении фонетики и морфологии исследователь оперирует соответственно десятками и сотнями языковых элементов, то при сравнительном исследовании лексики ему приходится оперировать уже элементами, в несколько сот, а то и тысячи раз превышающими указанное качество. Это в определенной степени является объективной причиной отставания направления сравнительно-исторических исследований по лексике и семантике тюркских языков, такие как языков мира вообще" [6, 3].

Қазіргі қазақ тілі мен ортағасыр жазба ескерткіштері тілінің арасында фоно-морфологиялықтан гөрі лексикалық және семантикалық айырмашылықтар мен үқастықтар көлемі айтарлықтай мол. Бұл факті, тіліміздің ескеркіштерге қашшалықты қатыстырылығын тарихи түрғыда саралауға мүмкіндік береді. Лексиканың белгілі бір дәүірдегі қалышына талдау жасаң, ғылыми түрғыдан таныш білу үшін оған тарихи түрғыдан қаруа әрі міндет, әрі қажет нәрсе деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов Б.Р. Наследие и перспективы тюркской цивилизации и путь инновационного повышения статуса казахского языка // Мәдени ықпалдастық және өркениеттер

ТҮРКОЛОГИЯ, №2, 2013

- бірлігі. В Халықаралық түркология конгресінің баяндамалар жинағы. Түркістан, 2013. 39-48 б.б
2. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языкознание. Хрестоматия. – М., 2000.
 3. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. -Л., 1970.
 4. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. -Алматы: «Фылым», 1997. -272 б.
 5. Сүйеркүл Б. М.Хорезмидің "Мұхабатнамесіндегі" (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік. - Алматы: Дайк-Пресс, 2011. -376 б.
 6. Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. Москва. Наука.1975.-386с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются пути становления казахского языка посредством сопоставительными письменными памятниками на кипчакском языке. Исследуя лексику народов, создавших средне тюркский язык, сможем определить этапы и формирования современного языка. Учитывая язык памятников, написанных на средне тюркском языке рассматривается ареал употребления каждого слова и особенности звучание, тем самым ставится проблема изучения в лексико-семантическом и семасиологическом аспектах, что предстовляет собой одна из важных проблем на современном этапе. В месте с тем сопоставляется глагольные особенности средневековых памятников с современными тюркскими языками.

(Боранбаев С.Р., Фазылханұлы Н. Древняя и среднетюркская письменная культура - зеркало национального процветания)

SUMMARY

This article explores the way to becoming the Kazakh language means compares with the written monuments Kipchak language. Exploring vocabulary peoples who created middle Turkic language, will be able to identify the stages and the formation of the modern language. Given the language of monuments, written in language middle Turkic considered habitat use of each word and sound features, thus becoming a problem in the study of lexical-semantic and semasiological aspects that introduce to a one of the important issues at this stage. In a place that is associated with verbal features of medieval monuments with modern Turkic languages.

(Boranbayev S.R., Fazylkhanuly N. Old and Middle Turkic written culture - a mirror of national prosperity)

ÖZET

Bu makalede, Kazak dilinin gelişimi, oluşma yollarını açıklamak için Tarihi Kıpçakçayla ilgili yazılı metinleri inceleme konusu ele alındı. Orta Türkçeyi oluşturan halkların leksikolojisini araştırma yoluya günümüz Kazak dilinin oluşma dönemlerini açıkladı. Bu yüzden Orta Türkçe döneminde yazılan eserlerin gramer özelliklerini Kazak diliyle karşılaştırıp temel dil malzemesini kullanılarak her kelimenin kullanılma sahası, anlamı, ses özelliklerini üzerinde duruldu. Bu kelimeler leksik-semantik ve semasiyalı bakımdan araştırılarak Türkoloji ile Kazak filolojisinin bugünkü güncel problemlerinden biri olduğu vurgulandı. Bununla birlikte Orta Türkçe dönemindeki bir eserde geçen fiillerle bütün orta Türkçe lehçeleri ve günümüz Türk lehçeleriyle karşılaştırıldı.

(Boranbay S.R., Fazılhanuly N. Eski ve Orta Türkçe Yazı Kültürü Uygarlığımızın Aynası)